

"2011 жылды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы деп жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 1144 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 1619 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«2011 жылды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы деп жариялау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 1144 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы «2011 жылды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы деп жариялау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 1144 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «2011 жылды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы деп жариялау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 1144 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Тәуелсіздіктің 20 жылдығын мерекелеудің тұжырымдамасында:

«Тәуелсіздік мерейтойын мерекелеудің күнтізбесі» деген бөлімде:

«Қараша – «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму» деген 11-тармақта: үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл айда Қазақстанның нақты экономикалық тәуелсіздігі мен табысты қаржылық реформаларының рәмізі – ұлттық валюта – Теңге күні кеңінен мерекеленеді. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы бойынша жаңа объектілердің ашылуы болады.»;

«Тәуелсіздіктің жиырма шыңы» 20 жұлдызды күн күнтізбесі (2011 жылғы 26 қарашадан – 15 желтоқсанға дейін)» деген кіші бөлімде:

«Алтын теңге» (7 желтоқсан)» деген 12-тармақта:
үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«Іс-шаралардың негізгі желісі – ұлттық валюта – Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің басты белгілерінің бірі.»;

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарында:
реттік нөмірі 47-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

47.	Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында Қазақстан саясаттанушыларының конгресін өткізу	ПӘ-не ақпарат	ММ	25 желтоқсан
-----	--	---------------	----	--------------

» ;

реттік нөмірі 59-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

59.	Республика Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орайластырылған агроөнеркәсіптік сектор жұмыскерлерінің республикалық форумын өткізу	ПӘ-не ақпарат	АШМ	25 желтоқсан
-----	--	---------------	-----	--------------

» ;

реттік нөмірі 64-жол алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 82-1-жолмен толықтырылсын:

«

82-1.	Жетекші экономистер мен халықаралық инвесторлардың, сарапшылардың, саясатшылардың қатысуымен экономикалық форум өткізу	ПӘ-не ақпарат	ЭДСМ, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ (келісім бойынша), ҚР ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині	25 желтоқсан
-------	--	---------------	--	--------------

» ;

реттік нөмірлері 83, 97-жолдар алып тасталсын;
реттік нөмірі 98-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

98.	Тәуелсіздік жылдары еліміздің қаржы жүйесінің дамуына үлес қосқан қаржыгерлерге құрмет көрсетуді ұйымдастыру	ПӘ-не ақпарат	Қаржымині, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ (келісім бойынша), облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері	25 желтоқсан
-----	--	---------------	--	--------------

» ;

реттік нөмірі 104-жол алып тасталсын;

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуында:

«ӘДМ - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі» деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі»;

3) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің

20 жылдығы жылын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамында:

м ы н а л а р :

Майлыбаев – Қазақстан Республикасы Президентінің

Бағлан Асаубайұлы Әкімшілігі Басшысының орынбасары,

Комиссия төрағасының орынбасары,

Мұхамбетов – Ақтөбе облысының әкімі енгізілсін;

Архимед Бегежанұлы

М.С. Әшімбаев, Е.Н. Сағындықов, Д.Ж. Нөкетаева, А.С. Соловьева, А.З. Смайыл

ш ы ғ а р ы л с ы н .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК